

Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің  
«Сақтапберген Әлжіков атындағы №144 орта мектеп»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2024 жылдың қаңтар айынан  
бастап сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу  
бойынша

**АНЫҚТАМА**

«06» қарындау 2025 жыл

Қызылорда қаласы

«Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандығы №12 бұйрығына және Қазақстан Республикасының «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» Заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес Мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдануы және сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары бойынша 2024 жылдың қаңтар айынан бастап талдау жасалды.

Көрсетілген мерзімде Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Сақтапберген Әлжіков атындағы №144 мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы талдауға мына бағыттар негізінде жүргізілді.

**1) Персоналды басқару, оның ішінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау;**

Сақтапберген Әлжіков атындағы №144 орта мектепте жалпы қызметкерлер саны – 341. Оның ішінде педагог қызметкерлер бойынша – 274 (бала күтімі және ақысыз демалыста-17 педагог) кітапханашы – 2, техникалық қызметкер – 71 (бала күтімі және ақысыз демалыста – 6, маусымдық қызметкер-7).

Педагогтар ішінде педагог-зерттеуші-66, педагог-сарапшы-52, педагог-модератор - 117, санатсыз - 36. Педагогика ғылымының магистрі-42.

Директор «басшы-менеджер» санатында, мектеп директорының оқу ісі жөніндегі 2 орынбасары және бейінді ісі жөніндегі орынбасары III санатты басшы орынбасарлары.

Сонымен қатар, мектепте барлығы 0-11 сыныпта – 2834 білім алушы бар. МАД-74 тәрбиленуші (3 топ) бар, I ауысымда -1425 білім алушы, II ауысымда -1409 білім алушы, 118 сынып комплектісі бар.

2023-2024 оқу жылында мектепті 11 сыйныпты 89 оқушы бітірген. Оның ішінде жоғарғы оқу орындарына-57 түлек, колледжге - 3 түлек түскен, 66 - түлек мемлекеттік грантқа ие болған.

Сондай-ақ, кадр мәселесіне қатысты 2024 жылдың қаңтар айынан бастап «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 15 тамыздағы №259 және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 16 тамыздағы №343 бірлескен бұйрығына сәйкес 13 педагог жұмысқа қабылданған. Атап айтқанда, уақытша педагог-дефектолог (ақпан айында-1 және желтоқсан айында-1), директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары (қыркүйек айында - 1, желтоқсан айында-2), уақытша биология пәнінің мұғалімі – 1, уақытша ағылшын тілі пәнінің мұғалімі – 2, математика пәнінің мұғалімі – 2, өндірістік оқыту шебері (уақытша-1, тұрақты-1), уақытша педагог-ассистент-1. «Enbek.kz» электронды еңбек биржасы арқылы уақытша еден жуушы-2, уақытша 0,5 бірлікті 1 зертханашы, уақытша 0,5 бірлікті 1 есепші, 1 жұмысшы және 7 уақытша маусымдық жұмысшы қабылданған. Бұл сала бойынша заң талаптары бұзылмаған және сыйайлас жемқорлыққа жол берілмеген.

### **2) Мұдделер қақтығысын реттеу;**

Зандылықтың бұл талаптары бойынша мұдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ, көрсетілген мерзімде басшылық құрамға және қызметкерлерге қатысты арыз-шағымдар түспеген. Зандылықтың бұл талаптары бойынша мұдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ, көрсетілген мерзімде басшылық құрамға және қызметкерлерге қатысты арыз-шағымдар түспеген.

### **3) Мемлекеттік қызмет көрсету;**

КР Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі №983 қаулысымен бекітілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тізіліміне сәйкес, көрсетілген мерзімде білім бөлімі тарапынан 1304 мемлекеттік қызмет түрі бойынша өтініштер қабылданған.

1. «Талдысу» лагері-103
2. Біркөлік «Қуаныш» лагері-111
3. Мектепішілік «Шаңырақ кидс»-160
4. Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну бойынша- 650 окушыға қағаз түрінде қызмет көрсетілді.

**5.** 2024-2025 оку жылында 1-сыныпқа окушы электронды түрде 280 өтінішке қызмет көрсетілді. Ишкі талдау барысында саланың бұл талаптарымен зан бұзушылықтар анықталған жоқ.

**4) Рұқсат беру функцияларын іске асыру;**

Сақтапберген Әлжіков атындағы №144 орта мектепте бұл бағыттағы рұқсат беру функциялары берілмеген.

**5) Бақылау функцияларын іске асыру;**

Бұл бағыт бойынша да іске асыру мүмкіндігі жоқ.

**6) Бюджет және қаржы қаражатын игеру мен бөлу;**

Сақтапберген Әлжіков атындағы №144 орта мектеп бойынша 2024 жылдың 10 ай қорытындысымен 1 728 157,730 теңге толық игерілді.

Оның ішінде:

261/082/015 бағдарлама бойынша – 1 723 149,730 теңге,

261/082/011 бағдарлама бойынша – 5 008 000,00 теңге.

**7) Жеке және занды тұлғалармен шарт жасау;**

2024 жылдың қаңтар айынан бастап мектепке жеке тұлғалардан -779 өтініш келіп түскен.

Сонымен қатар, директормен аптаның кез-келген күнімен жеке қабылдаулар жүргізіліп келеді. Қабылдауга келген әрбір тұрғынның мәселесі жеке қаралып, жедел шешімін табуға жұмыстар жасалуда.

Сонымен қатар 2024 жылдың қаңтар айынан бастап «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесіне келіп түскен өтініштер саны -9, жеке тұлғалардан – 8, занды тұлғалардан - 1.

Бұл өтініштерге электрондық жүйе арқылы жауап берілді.

Жеке және занды тұлғалардың өтініштеріне қатысты мәселелер тұрақты қаралап, оларға қатысты шағымдардың болмағаны зерделеніп, бұл сала бойынша зандылықтың бұзылу фактылері орын алған жоқ.

**8) Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер;**

**Мемлекеттік сатып алу бойынша**

1. Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен - 25 қызмет түрі жарияланды.

2. Конкурс алдын ала іріктеу тәсілімен - 1 қызмет түрі.

3. Негізdemelіk келісім бойынша байланыс қызметтері сатып алынды.

Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу нәтижелері бойынша сыйбайлас жемқорлық сипатындағы құқықбұзушылық деректері орын алған жоқ.

**9) Құқық бұзушылықты болдырмау және алдын-алу мақсатында мектепте іс-шаралар жоспарына орай жүргізілген жұмыстар:**

Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды іске асыру жөніндегі

өнірлік жол картасына сәйкес жұмыстар атқарылды. «Бала-Зан-Қауіпсіздік» жедел-профилактикалық іс-шаралар жоспарына сәйкес жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылық, құқық бұзушылық пен қылмыстылықтың алдын алу бағытында жиын өтті. Осы орайда мектебімізде ювеналды полиция лейтенанты Г.Калдешова, полиция аға лейтенанты Н.Жакиев пен бұрынғы мектеп директоры Ж.Сейдахметова, бұрынғы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Н.Бекжан, З.Юсупованаң қатысуымен түсіндірме жұмыстары жүргізілді. ҚПБ ЖПҚБ ЮПБ-ның УПИ-ры, полиция лейтенанты Г. Калдешеваның қатысуымен кәмелетке толмағандар мен оларға қарсы жасалатын қылмыстық құқықты болдырмау 8-9 сынып оқушылары арасында профилактикалық түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға арнайы бейнематериалдар көрсетіліп, ескерту үлеспе материалдары таратылды. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу және топтық төбелестерді болдырмау мақсатында, Қызылорда қалалық прокуратуралың бөлім прокуроры Жұмағали Батыrbек Төребекұлы және ҚПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИры полиция капитаны Г.Бегімбаева жиналыс жүргізді. Кездесу барысында прокуратура қызметкері оқушыларға ҚР Қылмыстық Кодексі 108 – бап, 442 – баптарын, құқықтық тәрбие, заң нормаларын білу, қоғамдық тәртіпті сақтау, әлеуметтік желілерде тараған жасөспірімдердің дүниетанымына әсер ететін түрлі сайттар туралы айта отырып, заң күшінә сену және құқықтық мәдениеті дамыған тұлға болуға шақырды. Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз тұнгі уақытта ойын – сауық мекемелерінде немесе тұрғын жайдан тыс жерде болуы және жалпы қауіпсіздікке байланысты тоқталып өтті. Ақсай ПБ жедел уәкілі полиция капитаны Ә.Байменов және ҚПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИры полиция капитаны Г.Бегімбаеваның қатысуымен 8 сынып оқушыларына ҚР Қылмыстық кодексінің 190 бабы «Алаяқтық», 191 бабы «Тонау», 194 бабы «Бопсалау», 293 бабы «Бұзакылық», 287 бабы «Заңсыз қару тасымалдау» және де қылмыстық құқық бұзушылықтың алдын-алу және топтық төбелестерді болдырмау туралы түсіндірме жұмыстары өткізілді. Жасөспірімдер арасында буллинг, кибербуллингтің, құқық бұзушылықтың алдын алу туралы 8-9 сынып оқушыларымен ҚПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИры полиция майоры Ә.Жалғасбаев пен ҚПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИры полиция капитаны Г.Бегімбаеваның қатысуымен бірлескен кеңес отырысы өткізілді. Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтар мен балалардың қадағалаусыз және панаыз қалуының алдын алу, психотропты наркотикалық заттардан аулақ болу туралы айтылды. Сонымен қатар, құқықтық сауаттылығын арттыру мен кәмелетке толмағандардың құқықтық тәрбие жұмысын жақсарту, қылмыстың алдын алу және оны болдырмау, буллинг, кибербуллингтің алдын алу туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Кәмелетке толмағандар арасында нашақорлықтың алдын алу және есірткіге қарсы иммунитетті қалыптастыру мақсатында жиын өткізілді. Жиынға Ақсай ПБ ҚПБ жедел уәкілі полиция подполковнигі

Ш.Ибраев және Қызылорда қалалық полиция басқармасының жергілікті полиция қызметі бөлімінің ювеналды полиция бөлімшесінің участелік полиция инспекторы полиция капитаны Г.Бегімбаева қатысты. 7-11 сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстарын айта отырып, таратпа қағаздары таратылып, бейнетаспалар көрсетілді.

«Отбасы және бала тәрбиесі», «Бала тәрбесі баршаға міндет» тақырыбында ата-аналар жиналысы жүргізді. Жиналыста Қызылорда ҚПБ ЖПКБ ЮПБ УПИ-ры полиция аға лейтенанты Н.Жакиев, полиция лейтенанты Г. Калдашева, Қызылжарма ауылдық округінің участелік полиция инспекторы-полиция майоры Беделбаев Әділхан және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Н.Бекжан, З.Юсупова түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, мектеп оқушылары арасында топтық төбелесті болдырмау, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында оқу-тәрбие процесінің шенберінде оқушылардың құқықтық танымын арттыру және кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта ата-анасы немесе занды өкілінсіз бейmezгіл жүрмеуін қадағалау, олардың түнгі уақыттарда ойын-сауық орындарында болуына жол бермеу мәселелері, мектептен тыс уақытта оқушылардың бос жүрмеуін қадағалау мақсатында ата-аналарға кеңес беру аясындағы мәселелер талқыланды. «Бала тәрбиесі – баршаға ортақ» тақырыбында Қызылорда қалалық прокуратуралың бөлім прокуроры Жұмағали Батыrbек Төребекұлы, Қызылорда облысының Діни істер басқармасы «Дін мәселесін зерттеу орталығының аға маманы, дінтанушы Нарымбетов Олжас Жақыпбекұлы мен дінтанушы маман Байназаров Еркін, Қызылорда қалалық маслихатының төрағасы Құттықожаев Ибадулла Дүйсенбайұлы, Ақсай полиция бөлімінің жедел уәкілі полиция капитаны Әзім Байменовтің қатысуымен мектепішілік ата – аналар жиналысы өтті. Жиналыс барысында құқық бұзушылықтың алдын алу, ұрлық, топтық төбелес, лудомания, вейп, әлеуметтік желі мәселелері жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізді. Жиналыс сонында бала тәрбиесіне қосқан өнегелі үлесі үшін ата – аналарымыз Алғыс хаттармен марапатталды. «Тәрбие-тал бесіктен» тақырыбында жастар мен жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықты болдырмау, буллингтің, нашақорлықтың алдын алу бағыттары бойынша ата-аналар, жоғары сынып оқушылары және мамандардың қатысуымен жиналыс жүргізді.

Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс, зорлық-зомбылық, құқық бұзушылықтың алдын алу, қауіпсіз мінез-құлықты қалыптастыру мақсатында 9-11 сынып оқушылары арасында «Әдептілік- тәрбие бастауы» , «Құқық сабактар-өмір сабактары» , «Бала құқығы-адам құқығы», «Менің құқықтық алаңым» атты құқықтық сабактары ұйымдастырылды. «Қатыгездіксіз және зорлық –зомбылықсыз балалық шақ » ақпараттық науқанын өткізу жөніндегі іс-шара жоспарына сәйкес 8-9 сынып оқушылары арасында «Зорлық – зомбылық-қоғам дерті» тақырыбында эссе жазу, балаларға қатысты зорлық-зомбылық мәселесіне қоғамның назарын аудару, балаларға қатыгездікпен

қарауға теріс көзқарасты қалыптастыру мақсатында «Зорлық-зомбылық-Коғам дерті» тақырыбында сурет салу байқаулары жүргізілді.

Құқық бұзушылыққа бейім оқушылары арасында «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында дәңгелек үстел, «Ашық алаң» тақырыптарында кездесулерде түсіндірме жұмыстары жасалды. Мектебімізде "Бала тәрбиесі - баршаға ортақ" тақырыбында 7-10 сынып оқушылары мен ата –аналарына жиналыс өткізілді. Жиналыс барысында сала мамандары тарапынан түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ақпараттар берілді. Сонымен катар, құқықбұзушылықтың алдын алу, әлеуметтік желінің қауіпті тұстары, зорлық-зомбылықтың құрбаны болмау, кибербуллинг, буллингтің алдын алу жолындағы жұмыстар кеңінен түсіндірілді. «Нашақорлыққа қарсы бір айлық» акциясы аясында «Нашақорлық - шын қорлық» тақырыбында психологиялық сағат өткізілді. Оқушыларға тақырыпқа сай түрлі тренингтер мен сергіту сәттері ұйымдастырылды. Жас жеткіншектердің санасына ішімдік, темекі, нашаның адам денсаулығына зиянды екенін түсіндіру, салауатты өмір салтын ұстану жолдарын айтылып, кеңестер берілді.

Мектеп психологтарының ұйымдастыруымен 7 сынып оқушыларына «Зорлық-зомбылықтың, буллинг, кибербуллингтің алдын алу» мақсатында ағартушылық жұмыстары жүргізілді. Жиын барысында «Komek Stop Bulling» «БУЛЛИНГТІ БІРГЕ ТОҚТАТАЙЫК!» жобасы, QR –коды жайында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. «Komek Stop Bulling» жобасы аясында оқушылар көрсетілген QR –код арқылы жасырын, еркін түрде буллингке байланысты өз эмоциясын, қорқынышын айта алады. «Komek Stop Bulling» жобасының мақсаты: жасөспірімдердің арасындағы зорлық-зомбылықтың, буллинг, кибербуллингтің алдын алу, дер кезінде психологиялық көмек беру болып табылады. Оқушыларға телефон камерасы арқылы QR –кодты сканерлеп, сілтемеге өтіп, өзінді алаңдатып жүрген мәселелерді еркін әрі жасырын түрде жеткізе алатыны және сол мезетте сенің берген ақпаратың мектеп директорының, тәrbие ісі жөніндегі орынбасарының және мектеп психологтарының мессенджерлеріне келіп тұратындығы айтылды. Бұл бағдарлама арқылы буллингтің алдын алуға, буллингке ұшыраған оқушыны қолдауға, жалпы мамандардың кеңесін алуға көмектеседі.

Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында жоғарғы сынып оқушыларына «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» тақырыбында еркін форматта кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге Бас прокуратураның құқық қорғау органдары академиясының тындаушысы Мұстафаева Гүлдана Рұstemқызы, Қалалық прокуратураның бөлім аға прокуроры Сұлтамұратова Айжан Сұлтамұратқызы және ардагерлер кеңесінің мүшелері М. Ордабаев, Ж. Ибрагимов, Ә. Тілеуберген қатысты. Оқушыларға Бас прокуратураның құқық қорғау органдары академиясының тындаушысы Мұстафаева Гүлдана Рұstemқызы қылмыс пен құқық бұзушылық, зорлық-зомбылық, жыныстық қол сұғылмаушылықтың алдын алуға бағытталған түсіндірме жұмысын жүргізді. Кездесу сонында

ардагерлеріміз адам өміріндегі тәрбиенің мәніне қатысты ақыл-кеңестерін беріп, өмірлік тәжірибелерімен бөлісті. Оқушылар, өздерін қызықтырыған сауалдарын қойып, тұшымды жауаптарын алды.

Мектеп оқушылары түнгі мезгілде ойын-сауық мекемелері мен тұрғын жайдан тыс жерде жүрмеуін қадағалау, құқық бұзушылықпен қылмыстың алдын-алу мақсатында «Түнгі қаладағы балалар» рейдтік іс-шарасы мектеп ұжымы мен ҚПБ ЖПҚБ ЮПб-ның УПИ-ры, полиция майоры Ә. Жалғасбаевпен жүйелі түрде кесте бойынша жүргізілді.

### Қорытынды.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде «Сақтапберген Әлжіков атындағы №144 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атқарып келген қызметтерде сыйайлар жемқорлық тәуекелдерінің сипаты орын алмаған деп қорытынды жасалынады. Ішкі талдау барысында занұлылықтың бұзылу фактілері орын алған жоқ.

Директор

А.Макашев

